



ҚҰТТЫҚТАУ

ҒЫЛЫМ ДЕНАДАСЫ 2023 ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, БІЛІМ АЛУШЫЛАР!

Ғылым қызметкерлері күні құтты болсын! Ғылым - кез келген елдің маңызды тірегі болып саналады, адамзаттың дамуына серпін беріп, мүмкіндіктердің жаңа көкжиектерін ашады. Абай университетінің ғалымдары мен жас зерттеушілері өз университетінің де, ғылым-ының да, соның нәтижесінде бүкіл Қазақстанның дамуына лайықты үлес қосуда. Университет тарихындағы ұзақ жылдар ішінде ғалымдарымыз отандық экономиканы нығайтуда үлкен рөл атқарған бірегей ғылыми жобаларды әзірлеп, жүзеге асырды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев ел ғалымдарының алдына жаһандық деңгейде іргелі зерттеулер жүргізу, инновацияларды дамыту, батыл ғылыми идеяларды нақты жетістіктер мен жаңалықтарға айналдыру бойынша ауқымды міндеттер қойып келеді.

Бұл бағытта қазақстандық ғалымдар, соның ішінде Абай университетінің ғалымдары, өздерін халықаралық деңгейде сенімді түрде танытуда, олардың халықаралық деңгейде мойындалған ғылыми басылымдардағы жарияланымдарының саны мен сапасы артып келеді. Бұған дейін де, бүгінде де біздің ұжым заманауи технологияларды тиімді енгізе отырып, білім мен ғылым саласындағы өзекті мәселелерді шешуге белсене атсалысып, алдымызға жаңа міндеттер қойып, оларды университет пен ел игілігі үшін табысты жүзеге асыруда. Барша ғалымдарымызға зор денсаулық пен амандық, жаңа ғылыми идеялар мен ең батыл жобалардың жүзеге асуын тілеймін!

Құрметпен,
Дархан Біләлов

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні

СТУДЕНТТЕР ЭТНОФЕСТИВАЛІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 95 жылдық мерейтойына орай Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы мен Филология институтының ұйымдастыруымен «Береке бастауы - бірлік» тақырыбындағы Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған студенттердің этнофестивалі өтті.



Этнофестивалді салтанатты түрде құттықтау этномәдени орталығының өкілдері өз өнерлерін ұлттың тағамдары әзірленген дастархан мен сөзбен университетіміздің әлеуметтік даму көрсетті. Мерекелік концертке Филология институтының 4 кафедрасы мен студенттері де белсене қатысты. Қатысушылар араб тілінде «Өмірім» және түрік тілінде «Kiralık aşk» әндерін шырқап, ұлтаралық татулық, ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін деген ниетпен достық жеңіп, қатысқан барлық топ бірдей бағаланды. Мерекелік іс-шарасының ерекшелігіне тәнті болған көрермендер өз ризашылықтарын білдірді.

Этнофестиваль барысында ҚХА кафедрасының меңгерушісі Гүлжиян Шаһарман қонақтарды әр

Баспасөз қызметі

АУДИТОРИЯ

РЕКТОР СЕМИНАРЫ

Ғылым онкүндігі аясында Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы-ректор Дархан Біләловтың «Оқу мен ғылыми зерттеулер жүргізудің пайдалы және тегін құралдары» семинары өтті. Семинарға Абай университетінің басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы, докторанттар мен магистранттар мен жас зерттеушілер қатысты.

Семинар барысында Дархан Біләлов жоғары оқу орындарының барлық салаларында цифрлық құралдарды пайдаланудың, сандық және сапалық деректермен жұмыс істеудің маңыздылығын атап, цифрлық білім беру кеңістігін ұйымдастырудың заманауи технологияларына талдау жасады.

Семинар бірнеше бағытты, соның ішінде Google forms, Excel Data Analysis Toolpak, PSPP бағдарламалары арқылы сандық мәліметтермен, Google Docs, QDA Miner Lite қосымшалары арқылы мәтіндік транскрипция деректерімен жұмыс істеуді қамтыды.

Университет ректоры атап өткендей, цифрландыру - бұл бүгінгі күннің талабы, ал цифрлық білім беру кеңістігінің инфрақұрылымын дамыту педагогтардан нарықта бар цифрлық білім беру платформаларына талдау жүргізу дағдыларын талап ететіні сөзсіз. Деректерді цифрлық платформалар арқылы талдай білу, педагогикалық қызметте сапалық және сандық көрсеткіштерге зерттеу жүргізу де өте маңызды саналады.

Семинар өте мазмұнды өтті, университет басшысы мен шараға қатысушылар көтерілген тақырып төңірегінде пікір алмасып, ғылыми зерттеулерді зерделеу және оларды жүргізу жаңа құралдарының, әсіресе тегін құралдардың оқу орындары мен жалпы білім саласының дамуында, сондай-ақ студенттердің білім алуында үлкен рөл атқаратынын атап өтті.

Өз тілшімізден



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

ҰЛЫ БРИТАНИЯНЫҢ алты университетінен шақырту алған студент

Абай университетінде «6B01508-Информатика ағылшын тілінде» мамандығы бойынша білім алып жатқан 4-курс студенті Назерке Білімжанқызы Ұлыбританияның алты бірдей беделді университетінен магистратураға оқуға шақырту алды.

Атап айтқанда, UCL (University College London) - MA Education; King's College London - STEM Education MA; The University of Manchester - MA Digital technologies, communication and education; University of Sheffield - MA Education; University of Reading - MA Education және University of York - MA Education.

Айта кетейік, Назерке Білімжанқызы 2019 жылы Алматы қаласындағы №173 физика-математика лицейін «Алтын белгімен» бітірген. Ағылшын тіліне деген қызығушылығы оны «Информатика ағылшын тілінде» мамандығына оқуға түсуге ықпал еткен. Ол Абай университетінің қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, өзінің білімі мен тәртібі арқылы университет мақтанышына айналған.

Қоғаммен байланыс департаменті



28 сәуірде игі дәстүр бойынша Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамы М.Горький атындағы мәдениет және демалыс саябағының аумағында орналасқан М.Әуезов атындағы спорт кешенінде «Әз - Наурыз! Ән - Наурыз!» қалалық деңгейде мерекелік дүман өткізілді. Наурыз мерекесі биыл ерекше аталып өтті. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті бірлесе отырып концерттік бағдарлама ұйымдастырды.

ӘЗ - НАУРЫЗ! ӘН - НАУРЫЗ!



Үш оқу ордасының дарынды жастары мерекенің көркін ұлттық педагогикалық университетінің Ардагерлер кеңесінің арасында қазақ халқының ұлттық ойындары мен спорттық қыздырды. Жаңа өмір бастауы Көктемді қарсы алып, көш-керуен төрағасы Берікжан Әлмұхамедов және ҚР Ұлттық жаратылыстану сайыстары бойынша қазақ күресі, тоғызқұмалақ, асық ойыны, жүргізіліп, Қыдыр ата батасын берді. Көптен күткен шараны ғылымдары академиясының академигі, философия ғылымының садақ ату жарыстары ұйымдастырылды.

мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, аты аңызға айналған «Дос-Мұқасан» Алаңда киіз үйлер тігіліп, Наурыз дастарханы жайылып, қазақи докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ансамбілінің негізін қалаушыларының бірі, Қ.И. Сәтбаев атындағы қонақжайлылық пен ауылды еске түсіретін қазан-ошақта ас Директорлар кеңесінің төрағасы Омархан Оксикбаев, педагогика Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университетінің Ақсақалдар пісіріліп, қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынылды. Мереке ғылымдарының докторы, профессор, Ы.Алтынсарин атындағы алқасының төрағасы Ұлықпан Сыдықов құттықтау сөзімен ашты. барлығына ұмытылмас әсер қалдырды.

Ұлттық білім академиясының академигі, Абай атындағы Қазақ Университет профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері

Қоғаммен байланыс департаменті

АЙТЫС

2023 жылғы 6-7 сәуір күні Алматы қаласындағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Менің пірім - Сүйінбай» атты кезекті халқаралық жас ақындар айтысы өз мәресіне жетті. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ұйымдастыруымен, Алматы қаласы мәслихатының депутаты, белгілі кәсіпкер Дулат Тастекеевтің демеушілігімен өткен бұл аламан айтыс биыл Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің 95 жылдығына арналды. Осымен жетінші мәрте шымылдығын түрген жыр додасына республика аймақтарынан келген ой-өрісі кең, толғауы терең азулы ақындармен қатар, әлемнің 4 мемлекетінен, атап айтқанда Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай және Монғолияның іріктелген жүйріктері мен сөз өнерін пір тұтатын қырыққа жуық дарынды жастар қатысты.

ABAI UNIVERSITY 95 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ



Дүбірлі доданы университет басшысы Дархан Біләлов ашып, барлық қатысушыларға сәттілік тіледі. Ол өз сөзінде айтыскерлердің орақ тілділігі, от ауыздылығы, сөз көркемдігі, білімділігі, алғырлығы, тапқырлығы, тақырыпты ашу шеберлігімен бірге, Абай университетінің 95 жылдық тарихы, шығармашылық өмірі мен ғылыми жетістіктері, сондай-ақ жастарды өз елін сүюде, оның өркендеуіне өз үлесін қосуда және ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда жеткен табыстары туралы кеңінен көсіліп жырлау керектігіне тоқталды. Шара барысында сөйлеген ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілер» одағының Басқарама төрағасы, «Парасат» және «Құрмет» орденінің иегері Жүрсін Ерман жыл сайын өткізіліп келе жатқан бұл жастар айтысының маңыздылығына тоқталып, бұл өнер додасының жас ұрпақты тәрбиелеудегі орны өте үлкен екендігін тілге тиек етті, жас жүйріктерге өз батасын берді.

Аламан додаға түсетін жас ақындардың айтысын ақын Жүрсін Ерманнан басқа, ҚР Парламентінің мәжіліс депутаты, ақын Ринат Заитов, «Алаш» халықаралық әдеби сайлығының лауреаты, белгілі ақын Серік Қалиев, филология ғылымдарының докторы, профессор Балтабай Әбдіғазыұлы, Ұлытау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы, айтыскер ақын Әнуар

Омар, айтыскер ақын, ҚР Мәдениет саласының үздігі Ахметжан Өзбеков қатарлы өнер майталмандары қазылық жасады.

Іс-шара барысында ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің «Халқымыздың сан ғасырдан келе жатқан қасиетті айтыс өнеріне деген құрметі айрықша. Бұл – кешегі сүйінбай мен Жамбыл, Біржан мен Сара, Кемпірбай мен Шөже бабаларымыздан қалған асыл өнер. Ұлттық болмысымызды, қазақи құндылығымызды дәріптейтін айтыс өнері тәуелсіз ұрпақтың ұлттық қазынасы деп білемін. Сүйінбай бабамыз атындағы жыр додасының дәстүрлі түрде ұйымдастырылуы, жастардың бойындағы ақындық дарынды дамытып, суырыпсалма қаблетін шыңдауға, ақындық мектептің қалыптасуына негіз болатын, қазақ руханиятына қосылатын үлкен мұра болатыны сөзсіз» деп ақындарға шалқар шабыт тілеген құттықтау хаты оқылды.

Айтыс екі кезеңнен тұрды. Ақтық кезеңге 18 айтыскер жолдама алды. Сөйтіп жыр жекпе-жегінде жер апшысын құырған кіл жүйріктердің өнерін көрермен жұрт екі күн бойы тамсана тамашалады. Бәрі де қазақ жоғары оқу орнының қарашаңырағы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың өткен жолы мен ұлттық педагог мамандарды тәрбиелеудегі ерен істерін термелеп, тарам-тарам тарихына терең бойлай білді, университет ұстаздарының ұлағатты еңбектерін

бүгінгі қоғаммен байланыстырып, елдік мүдде мен бекем бірліктің баянды болуын тіледі.

Қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені (500 000 теңге) аламан тартыста тартымды өнер көрсеткен көкшетаулық ақын Нұрмахан Жақып жеңіп алды. Бірінші орын Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Айым Асылбекқызына бұйырса, екінші орынды Қырғызстаннан келген Ұлан Тоқтосынов пен Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының студенті Ердаулет Сардар еншіледі. Ал, үшінші орынды Батыржан Кәдірбай, Жамбыл Бақытәлі және Қуандық Кежебекұлы өзара бөлісті. Жалпы, айтысқа қатысушы барлық ақынға арнайы жүлделер мен ақшалай сыйлықтар табысталды.

Айтысқа әділ қазылық жасаған Филология және көп тілді білім беру институтының оқытушысы, белгілі ғалым, профессор Б. Әбдіғазыұлынан айтыс туралы пікірін сұрағанымызда: «Қарашаңырағымыздың 95 жылдығына арналған бұл дода көрермендердің көңілінен шықты деп ойлаймын. Ұлылардың ізі қалған оқу орнының қасиеті мен қадірі, оның қазақ руханиятында, әдебиетінде, тарихында алатын орны жас ақындардың аузынан жақсы айтылды», деді ол.

Айтыстың толық нұсқасын алдағы уақытта «Домбыра» телеарнасынан көре аласыздар.

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ

ЖАС МАМАН

МЕН – XXI ҒАСЫР МҰҒАЛІМІМІН

Абай атындағы ҚазҰПУ мен Педагогика және психология институты педагогика кафедрасының 95 жылдығына орай педагогикалық сынып түлектерінің шығармашылық жобаларын таныстыруға арналған «Мен - XXI ғасыр мұғалімімін» тақырыбында іс-шара өтті. Іс-шараға И.К. Мандоки атындағы №154 мектеп, Абай атындағы РММИ, №81 мектеп-гимназия, Ш.Смағұлов атындағы мамандандырылған физика-математика лицей-интернаты, Алматы қаласы мен Алматы облысының бірқатар мектептері қатысты.

Іс-шара мақсаты - Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде және Абай атындағы ҚазҰПУ ережелеріне сәйкес педагогикалық сынып оқушыларын мектептен бастап «мұғалім» мамандығына бейімдеу, қызығушылықты арттыру, ынтымақтастықты нығайту және болашақ педагогикалық қызметте өзін-өзі дамыту үшін мүмкіндіктер жасау. Оқушылардың сөздік қорын байыту, жүйелілік, нақтылық, тиімділік, ұқыптылық сияқты факторлар арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру педагогикалық сынып жобасының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Жобаның оқушылар үшін өмірлік маңызы бар және білім мен шығармашылық ойлауды, зерттеушілік дағдыларын қамтитын тақырыптарға негізделеді.

Іс-шараны Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, «Педагогикалық сынып» жобасының авторы Дархан Біләлов ашты, ол педагогикалық сыныптың алғашқы түлектерін Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін!» өлеңінің жарқын жолдарымен шабыттандырып, сәттілік тіледі.

Мектеп оқушыларының ұсынған жобаларында «Педагог мамандығына алғашқы қадам», «А.Байтұрсынұлының педагогикалық мұраларындағы заманауи идеялар», «Педагогикалық қарым-қатынас - мұғалім жетістігінің негізі», «Альфа ұрпақтың тәрбиесі қандай болмақ?», «Балаларға жүрек жылуын сыйлаған мұғалім келбеті», «Педагогикалық сынып және оның болашағы», «Цифрлық дәуірдегі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі» және т.б. танымдық-тәрбиелік мәні бар өзекті мәселелер қозғалды. Мектеп мұғалімдері мен Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессорларының бірлескен жетекшілігімен оқушылар шығармашылық жұмыс мазмұнының практикалық маңыздылығы, креативтілік, жаңашылдық, көрнекі құралдарды пайдалану, цифрлық технологияларды ұтымды пайдалану арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, өз жобаларында жаңашыл бағыттағы жұмыс көрсете білді.

Қазылар алқасының құрамында Абай университетінің Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті директоры Хайрулла Жанбеков, №142 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, жаттықтырушы Жанат Қарымсақова, Алматы облысының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының Іле ауданы бойынша бөлімінің аға әдіскері Аян Сәрсенбаева болды. Олар оқушыларға жылы лебіздерін білдіріп, оқушылар берілген тақырыпты шығармашылықпен аша алғанын атап өтті. Педсынып түлектері Қазақстанның жетекші педагогикалық жоғары оқу орнының студенттері болуға шақырылды.

Ақерке ЫСҚАҚ

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТОП-10 ҒАЛЫМЫ

12 сәуір күні Қазақстанның ғылыми қауымдастығы өзінің кәсіби мерекесі - ғылым күнін кеңінен атап өтті. Бұл мереке 95 жылдық тарихы бар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті үшін де орны ерекше екені баршаңызға белгілі. Абай университетіміз жыл сайын сәуір айының алғашқы күндерін арнайы ғылым онкүндігіне арнап үлкен іс-шара өткізуді дәстүрге айналдырған. Өйткені осы күні біз ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылық танытатын жас оқытушылар мен білім алушылардың қатысуымен конференциялар, семинарлар, көрмелер өткізіп, білікті ғалымдармен тәжірибе алмасу үшін арнайы кездесулер ұйымдастырады.

Бір ғасырға жуық тарихы бар университетіміздің қатпарлы тарихы еліміз бен шетелдерге кеңінен танымал білікті ғалымдардың қасиетті шаңырағы болып табылады. Олай дейтініміз, кешегі Алаш қайраткерлері мен қазақ ғылымының көшін ілгері жылжитқан азаматтар: С.Асфендияров, С.Сейфуллин, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Т.Жүргенов, И. Кабулов, Кеңес

Одағының Батыры М. Ғабдуллин және т.б. көрнекті ғалымдардың университет дамуында алар орны ерекше. Осы жылдар ішінде университетте ғылымның көптеген бағыттары бойынша сүбелі еңбектер жазылып, ғылыми мектептер құрылды.

Университеттің халықаралық беделін қалыптастыруда ғылыми мектептердің орны бөлек. Бүгінде Абай атындағы ҚазҰПУ QS World University Rankings рейтингінде 2023 жылы әлемде 511-520 орын, Қазақстан бойынша - 6 орында. Міне, бұның бәрі университеттегі ғалымдарымыздың қажырлы еңбегі екені айтпасақ та түсінікті. Біз жыл сайын кәсіби мереке қарсаңында отандық және әлемдік ғылымның дамуына үлкен үлес қосқан қызметкерлеріміздің арасынан ТОП-10 ғалымды анықтап оларға ілтипат көрсетеміз. Бұл басқа жас ғалымдарға зор үлгі өнеге.

Осы орайда, бүгінгі таңда отандық ғылымның дамуына баға жетпес үлес қосқан ТОП-10 ғалымды таныстырғанды жөн көрдік.



Мәмбет Қойгелдиев - Қазақстанның жаңа тарихы саласындағы көрнекті жетекші маман, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, профессор-зерттеуші.

Ол қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының тарихы, ұлттық саяси элитаның, атап айтқанда: Алашорданың Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін жөніндегі қызметі мәселелері бойынша 400-ден астам жарияланымның авторы. ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру бойынша бірқатар ғылыми жобалардың жетекшісі. Сондай-ақ ол 17 ғылым кандидатын, 3 PhD докторын дайындап, қазақ ғалымдарын жаңа лекпен толтыруда өлшеусіз үлес қосқан қайраткер.

Сонымен қатар Мәмбет Қойгелдиев Вена қаласы Халықаралық университетінің құрметті профессоры (Австрия 2007), халықаралық Сократ сыйлығымен («Socrates international Award» Оксфорд, Ұлыбритания, 2007) марапатталған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, Қазақстан тарихшылар қауымдастығының президенті. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының (2012), «Парасат» орденінің (2013), III дәрежелі «Барыс» орденінің иегері (2019).



Владимир Косов - физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, физика кафедрасының меңгерушісі. 2020, 2021 және 2022 жылдардағы Ұлттық рейтинг қорытындысы бойынша ҚР ЖОО ТОП-50 ғалым-оқытушылар тізіміне кірді. Оның басшылығымен Қазақстанда көп компонентті ортадағы диффузия мен конвективті тұрақсыздықты зерттеуге байланысты ғылыми бағыт дамуда. 2017 жылы оларға Астана қаласындағы «Қазақстан» ұлттық павильонындағы EXPO дүниежүзілік көрмесінде «Көмірсутекті газ қоспасын бөлуге арналған құрылғы» авторлық жобасы ұсынылды. Профессор В.Н.Косовтың ғылыми зерттеулері ҚР ҒЖБМ ғылым комитетінің гранттарымен қаржыландырылады. 300-ден астам ғылыми мақалалар, 4 монография және 15 патент (оның ішінде 1 халықаралық), жоғары оқу орындарына арналған 2 оқулық жариялады. Өзінің ғылыми мектебін қалыптастырып, 2 физика-математика ғылымдарының докторы, 8 ғылым кандидатын, 2 PhD докторын дайындады. 2002, 2006 жылдары ҚР Мемлекеттік ғылыми стипендиясының, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының (2017) «Құрмет» орденінің иегері (2022 ж.). Қазіргі уақытта қазақстандық физиктер қоғамының басқарма мүшесі болып табылады.



Алма Әбілқасимова - еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының және Ресей мемлекеттік білім академиясының академигі (Мәскеу қ.), педагогикалық білім беруді дамыту орталығының директоры, математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі. А.Әбілқасимова білім беру дидактикасы, үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің әдіснамасы мен даму стратегиясы бойынша еліміздің ғылыми мектебін басқарады. Осы жылдар ішінде ол 11 доктор және 30-дан астам ғылым кандида-тын, 4 PhD докторын дайындап шығарды. 500-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың авторы, оның ішінде Республика мектептеріне арналған 31 монография, энциклопедиялық және терминологиялық сөздіктер, математика, алгебра және талдау негіздері бойынша оқулықтар. «ҚР Еңбек сіңірген қайраткері», «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, көптеген мемлекеттік наградалар-мен марапатталған, «Ильхам» халықара-лық сыйлығының лауреаты (2013 ж.).



Ұлжарқын Абдиғапбарова - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ғылым департаментінің директоры. Ол әлемдік педагогикалық ғылымның заманауи трендтері: білім берудегі көшбасшылық, дуальды оқыту, ұлттық тәрбие, студенттік орталықтандырылған оқыту бағытында озық ғылыми мектеп қалыптастырды. «Қазақстандағы Рухани-адамгершілік білім беру» ұлттық жобасын іске асыруға елеулі үлес қосты. Білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы, логикалық сипаттағы тестілерді әзірлеу, TIMSS, PISA және т.б. халықаралық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу туралы Ұлттық баяндаманы дайындау бойынша жұмыстарды басқарды. 300-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбектердің, оның ішінде 5 монография, 1 тұжырымдама, 11 оқулық, 16 оқу құралының авторы. Педагогика ғылымдарының 5 кандидатын, 8 PhD докторын дайындады. 6D01 (8D01) диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы. Фридрих-Александр Эрланген-Нюрнберг университетімен (FAU) және Әзірбайжан мемлекеттік педагогикалық университетімен (ASPU) білім беруді интернационалдандыру жөніндегі халықаралық жобаның тең басшысы (2020-2023). Инновациялық жобалардың авторы-бастамашысы және ұйымдастырушысы: ғалымдар мен мұғалімдердің 1-ші республикалық конференциясы (2016); Педагогика ғылымдары бойынша магистранттардың 1-ші Республикалық олимпиадасы (2017); «Білім берудегі Менеджмент» магистратурасының эксперименттік білім беру бағдарламасы. Екі рет «ҚР жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы еңбегі үшін», «Ы.Алтынсарин», «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» ҚР БҒМ белгілерімен марапатталған.



Ермек Бөрібаев - заң ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық заң академиясының академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Басқарма мүшесі- зерттеу қызметі жөніндегі проректоры. 2020, 2021 және 2022 жылдардағы Ұлттық рейтинг қорытындысы бойынша қатарынан үш рет Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ТОП-50 ғалым-оқытушылар тізіміне кірді. Қатарынан екі рет ELSEVIER-Scopus компаниясы және ҚР БҒМ «Best Researcher in Social Sciences» (2018, 2019 ж.) номинациясы бойынша әлеуметтік ғылымдар саласындағы үздік зерттеуші болып танылды. 300-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрді. 9 монографияның авторы, 4 монография шетелдік баспаларда жарық көрді, оның ішінде 3 монография - ағылшын тілінде, 6 монография Ресейдің ғылыми дәйексөз индексі (РИНЦ) базасында индекстелген. 1 оқулық пен 3 оқу құралының авторы. Web of Science және Scopus ғылыми-метрикалық базаларында индекстелген шетелдік ғылыми журналдарда 60-тан астам мақала жарияланды. Scopus базасы бойынша хирш индексі - 15, WoS базасы бойынша - 5. 2015 жылы отандық ғылымға қосқан елеулі үлесі үшін Еуропалық өнеркәсіптік консорциум М.В.Ломоносов атындағы Алтын медальмен марапатталды. 2016 жылы Қазақстан мен Орта Азияның жалғыз өкілі: Халықаралық Нотариат Одағының жеке мүшесі (UINL, Буэнос-Айрес штаб-пәтері, Аргентина). "ҚР ЖОО үздік оқытушысы" атағының иегері (2018 ж.); Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері (2020 ж.).



Бақытжан Ахметов - техника ғылымдарының докторы, информатика және білім беруді ақпараттандыру кафедрасының профессоры. 2022 жылғы Ұлттық рейтинг қорытындысы бойынша 400-ден астам ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектердің, патенттердің, оның ішінде 5 монография мен 7 оқу құралының авторы ретінде ҚР ЖОО ТОП-50 ғалым-оқытушыларының қатарына кірді. Ғылыми қызығушылық саласы - энергия үнемдеу технологиялары, ақпаратты қорғаудың биометриялық әдістері, білім беруді ақпараттандыру және басқару мәселелерімен байланысты. Хирш индексі - 6, дәйексөз статистикасы - 207. ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру жобаларының жетекшісі (ҚР БҒМ), бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларының қосымша жетекшісі. 17 ғылым кандидаты мен PhD докторын дайындады. «ЖОО үздік оқытушысы» атағының иегері (2017 ж.).



Қорлан Жәмпейісова - КОНКОРД халықаралық академиясының корреспондент-мүшесі (Франция, 2014), педагогика ғылымдарының докторы, педагогика кафедрасының профессоры. Ол студент жастарды ұлттық тәрбиелеу және өзін-өзі тану мәселесі бойынша ғылыми мектеп құрды, ҚР-да жоғары білім беруді жаңғырту, «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» ұлттық идеяларын іске асыру бойынша бірқатар тұжырымдамалар әзірледі. 180-ден астам жарияланымның, оның ішінде Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған ағылшын тіліндегі «Педагогика», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі», «Білім берудегі Менеджмент» атты алғашқы оқулықтардың және «Мәңгілік Ел» ұлттық тәрбие бойынша оқулықтың авторы. «ҚР Білім беру ісінің үздігі», «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Ы.Алтынсарин», «ҚР ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері.



Жанна Хамзина - заң ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың зерттеуші-профессоры. «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды зерттеу» басымдығы жөніндегі Ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі. 2020-2022 жылдары үш рет Ұлттық рейтинг (НААР) қорытындысы бойынша ҚР жоғары оқу орындарының ТОП-50 ғалым-оқытушылар тізіміне кірді. «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік гранты «Best Researcher in Social Sciences», 1 -st Scopus Award Ceremony, Elsevier 2018 марапаттарының иегері. 250-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрді. 5 оқулықтың, 3 оқу құралының, 9 монографияның, 4 монографияның авторы, ғылыми еңбектері шетелдік баспаларда жарық көрді, оның ішінде 3 монография - ағылшын тілінде, 6 монография Ресейдің ғылыми дәйексөз индексі (РИНЦ) базасында индекстелген. Web of Science және Scopus ғылыми-метрикалық базаларында индекстелген шетелдік ғылыми журналдар-да 50-ден астам мақала жарияланды. Scopus базасы бойынша хирш индексі - 15, WOS базасы бойынша - 5. Халықты әлеуметтік қорғауды құқықтық қамтамасыз ету, жалдамалы еңбек, халықты жұмыспен қамту, азаматтық іс жүргізу, халықаралық құқық мәселелері, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, отбасы мен баланың әлеуметтік құқықтарының кепілдіктерін дамыту, сондай-ақ білікті заң көмегіне конституциялық құқықты іске асыру тетіктері саласындағы жетекші ғалым болып табылады. Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері (2022 ж.).

Абай атындағы ҚазҰПУ үздік ғалымдарының еңбегі зор. Олар өздерінің ашқан жаңалықтары мен маңызды әзірлемелерімен отандық және әлемдік ғылымды қозғап қана қоймай, лайықты ауысымды тәрбиелеп отыр, барлық қазақстандық жастар үшін үлгі болып табылады.



Фаузия Оразбаева - ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Латын» ғылыми-практикалық орталығының директоры. Коммуникативтік лингвистика, лексикология, семасиология, қазақ тілін оқыту әдістемесі саласындағы көрнекті маман. 300-ден астам еңбектің, оның ішінде еуропалық және халықаралық стандарттар (DALF/DEL, IETS, TOEFL және т.б.) негізінде қазақ тілін оқыту бойынша 6-деңгейлі оқу-әдістемелік кешеннің, Израильдің «Edusoft» тілдерді оқыту орталығымен бірлесіп әзірленген demo қазақ тілі курсының авторы. 11 ғылым докторы мен 40 ғылым кандидатын дайындады. ҚР ХӘҰ гранттық қаржыландыру бойынша бірқатар ғылыми жобалардың жетекшісі, қазіргі уақытта «Деңгейлік парадигмалар әдіснамасы: оқу және жазу» жобасын басқарады. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеу үшін Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, «Парасат» орденімен марапатталған, «ҚР Еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие.



Абдумаулен Бердышев - физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ математика және математикалық модельдеу кафедрасының меңгерушісі. 200-ден астам ғылыми жарияланымдардың, ғылым салаларындағы 4 монографияның авторы: жартылай дифференциалдық теңдеулер, математикалық физиканың классикалық емес теңдеулеріне арналған жергілікті және жергілікті емес шекаралық есептер, аралас және аралас типті теңдеулер, сандық әдістер, математикалық модельдеу. Scopus - тағы жарияланымдардың жалпы саны-38, Scopus-та көрсетілген дәйексөздердің жалпы саны - 207 (144 құжат бойынша). ҚР ҰМ гранттық қаржыландыру бойынша бірқатар ғылыми жобаның жетекшісі болып табылады. Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері (2017 ж.); «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік гранты (2011 ж.); «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2008 ж.); Ы. Алтынсарин медалімен марапатталған (2006 ж.).

ТАЗА СУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛ



Friendly Campus құру бағыты бойынша университет Стратегиясының тармақтарын орындау мақсатында Жаратылыстану және география институты өз дамуында жасыл даму қағидаттарын (Green Campus) және Тұрақты даму мақсаттарын ұстанады. Институт ұжымының ұйымдастыруымен 2023 жылғы 29 наурыз күні жыл сайын 22 наурызда аталып өтетін «Дүниежүзілік су қорлары» күніне арналған Тұрақты дамудың «Таза су және санитария» мақсатын орындауға бағытталған "Таза су – денсаулық кепілі" атты іс-шара өткізді. Іс-шараны өткізуге директордың ғылым және халықаралық байланыс қызметі бойынша орынбасары Қ.Мұздыбаева, «Химия», «Биология», «География және экология» кафедраларының оқытушылары И.Райымбекова, Р.Искакова, М.Ахтаева, Ж.Жарылқасынова үлкен үлес қосты. Осы іс-шара аясында білім алушылар мен оқытушылардың әрқайсысының таза суға қол жеткізуінің маңыздылығы туралы география-тарих, экология, биология және химия мамандықтары студенттерінің баяндамалары тыңдалды. Экология мамандығының 3 курс студенттері Айдана Айдана Алтынбаева, Айгерім Қызайхан, Назерке Жұмағали тұрақты даму мақсаттары мен таза ауыз су тапшылығы, тұтыну мөлшері бойынша статистикалық мәліметтер бере отырып, университет студенттерінің дүкенде сатылатын бөтелкедегі суды пайдалануы барысында 1 күнде, 1 айда және 1 жылда қанша пластик бөтелкені қоқысқа тастайтындығын анықтап, тұтынудың рационалды моделіне ауысуға (ТДМ- 12) шақырды.

География - тарих мамандығының 1 курс студенттері Диана

Ахметжанова, Әмір Әлім су туралы қызықты мәліметтермен бөліссе, биология мамандығының 3 курс студенттері Зейнеп Дүйсенбекқызы, Тілекші Бекмурзина ауыз судың ағзаға әсерін анықтау мақсатында Алматы қаласының үш ауданында су сапасына жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін көрсетті. Ал, химия мамандығының 2 курс студенттері Алина Иманғали, Аружан Пердебай, Шаттықжамал Романова, Нұршат Белғожа, Толқын Валерианова, Маржан Накнафина және 3 курс студенті Альбина Сейітқабылова іс-шара қонақтары алдында күнделікті тұтынатын ауыз судың сапасын анықтау бойынша зертханалық жұмыстарды орындады.

Іс-шара соңында университетіміздің әкімшілік және қаржы қызметі жөніндегі проректоры Клара Исакова, Жаратылыстану және география институтының директоры Күләш Каймулдинова сөз сөйлеп, ұйымдастырушыларға, студенттерге алғыстарын білдірді. Ары қарай университеттің бас ғимаратында сүзгілі «AquaPoint» ауыз су фонтанының ашылу салтанаты өтті. Бұл құрылғының ерекшелігі – ол суды сүзгіден өткізе отырып, ауыз су ретінде тұтынуға жарамды етеді, қолдану үшін ыңғайлы (студенттер, университет қызметкерлері ыдыстарға құйып алып, пайдалануына болады) және қоршаған ортаға зиянды пластик бөтелкелерді тұтынуды азайтуға мүмкіндік береді. Іс-шарадан кейін қатысушылар университет территориясын жасылдандыру мақсатында шырша көшеттерін отырғызды.

Маржан АХТАЕВА, оқытушы

ІС - ШАРА

МЕРКІ МАТЕМАТИКТЕРДІ ҚАБЫЛДАДЫ



27 сәуір күні Меркі аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес, Асанбай Асқаров атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясында математика сабағында оқушылардың пәндік білімін тереңдету, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, қиындығы жоғары есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін меңгерту, тәжірибе алмасу мақсатында «Математика сабағында күрделі есептерді шығарудың тиімді жолдары» тақырыбында ғылыми-практикалық семинар болып өтті.

Семинарға қазақтың тұңғыш жоғарғы оқу орны Абай атындағы ҚазҰПУ-дің профессоры, математика ғылымдарының канди-

даты Ахтай Біргебаев және педагогика ғылымдарының докторы, университет доценті Алпыс Папышев, Тараз қаласы Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназиясының мұғалімі, «Үздік педагог-2022» байқауының жеңімпазы Айбек Мұратбаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Айгерім Алтынбаева, аудандық білім бөлімінің математика-физика пәндерінің әдіскері Айбек Сақыбай және аудан мектептерінің математика пәнінің мұғалімдері қытысып, өзара тәжірибе алмасты. Семинар аясында «Жаңғыру жолында: ізденіс, тәжірибе, нәтиже» деген тақырыппен көрме ұйымдастырылып, мектеп өнерпаз оқушыларынан құралған

оркестр күй тартып, өз өнерлерін көрсетті. Шараға келген қонақтар көрмеге қызығушылық танытты. Өздерін қызықтырған көрмеге назар аударып, үлкен ден қойды. Осы іс-шара аясында мектебімізде үлкен конференц-залы ашылып, лентасы қиылды. Семинарды мектеп-гимназия директоры Мадина Бексұлтанова бастап ашып, мектеп өмірімен, осы уақытта жеткен жетістіктермен таныстырып өтті. Аудандық білім бөлімінің басшысы А. Аханқызы семинарға қатысушы ұстаздарға сәттілік тіледі. Сонымен қатар математика пәнінің мұғалімдері Манат Бекжанова мен Гүлсара Келгенбаева баяндама жасады. Келген қонақтар да өз өнерлерін салып, практикалық тұрғыдан есептер шығарып көрсетті. Семинарға қатысқан ұстаздар алған әсерлерімен, түйген ойларымен бөлісіп, ұжымға тілектері мен рақметтерін айтып, ризашылықтарын білдірді. Семинарға қатысушыларға арнайы сертификат-тартабысталды.

Мадина БЕКСҰЛТАНОВА,
Асанбай Асқаров атындағы мектеп-
гимназия директоры,
Жамбыл облысы, Меркі ауданы

ТАЛАПКЕР - 2023

БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТЫ
ТАҢДАУҒА КӨМЕКТЕСУ

Жаратылыстану және география институты



Жаратылыстану және география институтында «Ukids» Ұлттық біріңғай тестілеуге даярлау орталығының бітіруші жас түлектерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге келген оқушылардың басым көпшілігі жаратылыстану бағытындағы бейіндік пәндерді таңдағандар.

Бұл іс-шараның мақсаты талапкерлерге болашақ мамандық таңдауға көмектесу, институттың оқу процесімен таныстыру.

Ұйымдастырушылар: институттың кәсіптік бағдар беру жұмыстарына жауапты тұлғалар Ерлан Бірталаев, Жанар Жақсыбаева, Нұрбол Үсенов және «География және экология» кафедрасының доценті Сәкен Иркинбаев.

Мектеп оқушылары институттың жаңадан жабдықталған географиялық ақпараттық жүйе (ГАЗ) кабинеті мен химия, биология кафедраларының оқу зертханаларымен танысып, студенттердің жасаған ғылыми-зерттеу жұмыстарын тамашалады.

Кездесудің соңында Абай мұражайына экскурсия жасалынды. Оқушылар ұйымдастырушыларға өз ризашылықтарын білдірді.



ФИЛОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

Филология институты шығыс филологиясы және аударма кафедрасының ұйымдастыруымен «Кәсіп - болашаққа бастар жол» кәсіби бағдар беру аясында 10-11 сынып оқушылар арасында Алматы қаласы Ш.Смаханұлы № 62 гимназия директоры М.Н.Набиоллаева қатысуымен онлайн-кездесу өтті. 10-11 сынып оқушыларына Абай атындағы ҚазҰПУ жайлы жалпы мағлұматтар, сондай-ақ университет құрылымындағы Филология институтының шығыс филологиясы және аударма кафедрасының мамандықтары туралы кеңінен таныстыру мақсатында бейнежазба түсірілімдері көрсетілді. Кездесуде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың шығыс филологиясы және аударма кафедрасының меңгерушісі Н.Н.Қоңқабаева және аталған кафедраның аға оқытушылары Н.Р.Шенгелбаева, Ж.М.Елемесова, А.М.Алмабекова қатысып, университет және кафедра мамандықтары туралы жан-жақты ақпарат берді.

Университеттің жоғары оқу орындары арасындағы әлемдік нарықтағы орны мен халықаралық байланыстары туралы мәліметтер оқушылардың қызығушылығын тудырғанын атап өту керек. Сондай-ақ, аударма ісі, шығыс, шетел тілдері бойынша және жалпы әлеуметтік жеңілдіктер, ҰБТ-да грант үту мүмкіндіктері сияқты қойылған түрлі сұрақтарға кәсіби бағдар беру мамандары толыққанды жауап қайтарды.

Абай атындағы ҚазҰПУ-ға оқуға түсуге ниетті түлектердің бар екені айтылып, алынған ақпараттар кәсіби бағдар беру - жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға дайындауға бағытталған маңызды іс екенін түйіндеді.

Шолпан ШЫНЫБЕКОВА



МЕНШІК ИЕСІ:
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор
Болат ШАРАХЫМБАЙ
фототілші
Серік ИМАНҚҰЛОВ
Көркемдеуші-дизайнер
Нұрбол ЖЕТИГЕНОВ
Акерке ЫСҚАҚ

Редакцияның
мекен-жайы: 050010
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі,
30-үй, № 323-бөлме.
Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56
Газет бүкіл республикаға тарайды.

Тапсырыс № 217
Индекс 65285
Таралымы 1000
• Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдірмейді.
• Редакцияға түскен материал
қайтарылмайды.

«ҰЛАҒАТ» баспасының
баспаханасында басылды

Баспа директоры
Тағат ӘЛИАСҚАРОВ

Баспаның мекен-жайы:
050010
Алматы қаласы,
Қазыбек би көшесі, 30 - үй.